

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Юльев ауылының аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Сұлукөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 желтоқсанда № 7365 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Әуликөл аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2017 жылғы 9 қазандағы № 415 ұсынысы негізінде Сұлукөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Юльев ауылының аумағында ірі кара малдың бруцеллез бойынша шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Сұлукөл селолық округі әкімінің 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 2 "Қостанай облысы Әуликөл ауданы Юльев ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6639 болып тіркелген, 2016 жылғы 13 қазанда "Әуликөл" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сұлукөл ауылдық
округінің әкімі

Қ. Шәріпов

КЕЛІСІЛДІ

"Әуликөл ауданы әкімдігінің
ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы

_____ Ахметжанова Д.А.

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Әуликөл
аудандық аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Тайшибаев А. Т.

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасының қоғамдық
денсаулық сақтау Министрлігі қоғамдық
денсаулық сақтау Комитетінің Қостанай
облысы қоғамдық денсаулық сақтау
Департаментінің қоғамдық денсаулық сақтау
Әулікөл аудандық қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Дуйсенов Е. Г.